

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №8 мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

20.04.2022 ж.
Сағат: 10:00

Өткізілетін түрі: *онлайн (ZOOM платформасында)*

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ФК төрағасы Ошибаева А.Е., ФК мүшелері, декан орынбасарлары, монография авторлары.

Күн тәртібі:

1. Ғылым, білім және өндірістік жұмыстарды интеграциялауды ұйымдастыру туралы (*Факультет декандары мен ФЗИ/ФЗО директорлары*)
2. Түркияда және «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келген түлектердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (*Бітіруші түлектер тізім бойынша*)
3. Ғылыми-техникалық және ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, инновациялық жобаларды орындау, дамыту бойынша мәлімет (*Факультет декандары мен ФЗИ/ФЗО директорлары*)
4. Факультет декандарының докторантураны бітірген докторанттарға қатысты іс-шаралар кешені туралы мәліметтері (*Докторантура бағдарламасы бар факультет декандары*)
5. Коммерцияландыру жобаларының есебі (*Коммерциализациялау офисінің басшысы*)
6. Әр түрлі мәселелер
 - 6.1. Факультеттерден келген магистрант, докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарын өзгертіп, бекітуге ұсыныстар (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
 - 6.2. Университет ережелерін талқылап, бекітуге ұсыну (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*):
 - 6.2.1. «Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі» (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 - 6.2.2. «Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесі» (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 - 6.3. Монографияларды Сенатқа ұсыну:
 1. «Дене мәдениеті» кафедрасының PhD докторы Б.Ермахановтың «Kazakistan ve Türkiye'deki Üniversite Öğrencilerinin Herkes için Sporla ilgili Farkındalık Düzeyeri ile Yaşam Kalitesi Düzeyleri Arasındaki İlişki» монографиясы. *Рецензенттері*: Мухамеджанов Б.Қ., п.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті; Омаров Б.С., PhD, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті; Дошыбеков А.Б., PhD, Спорт және туризм академиясы.
 2. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. А.Сапарованың «Тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері» монографиясы. *Рецензенттері*: Азретбергенова Г.Ж., э.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті; Купешев Ш.К., э.ғ.д., Шымкент университетінің профессоры; Серғазиев М.Р., э.ғ.к., Шымкент университеті.

ШЕШІМДЕРІ:

1. Факультет декандары мен ҒЗИ директорларының Ғылым, білім және өндірістік жұмыстарды интеграциялауды ұйымдастыру туралы мәліметтері назарға алынсын.

2. Факультет декандары мен ҒЗИ директорларының Түркияда және «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келген түлектердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы мәліметтері назарға алынсын.

3. Факультет декандары мен ҒЗИ директорларының ғылыми-техникалық және ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, инновациялық жобаларды орындау, дамыту бойынша мәліметтері 01.04.2022 ж. дейін тапсырылсын.

4. 01.02.2022 ж. №04/04 өкімнің орындалуы бойынша докторантура бағдарламасы бар факультет декандарының докторантураны бітірген докторанттарға қатысты іс-шаралар кешені туралы мәліметтері назарға алынсын.

5. Коммерцияландыру жоба жетекшілерінің жоба бойынша есептері қабылданын:

5.1. PhD Н.Салыбекованың жоба бойынша есебі қабылданын.

5.2. Техн.ғ.д. Г.Саинованың жоба бойынша есебі қабылданын.

6. Әр түрлі мәселелер

6.1. Магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сенат мәжілісіне ұсыныстар берілсін:

6.1.1. 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1-курс магистранттарының 28.10.2021 ж. №СБ-133 санды бұйрығымен бекітілген магистрлік диссертация тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

6.1.2. Докторанттардың 28.12.2020 ж. №СБ-170, 19.10.2020 ж. №СБ-58, 14.11.2012 ж. №СБ-352 және 31.03.2022 ж. №СБ-572 санды бұйрықтарымен бекітілген диссертациялық тақырыптарына, отандық ғылыми жетекшілері мен шетелдік ғылыми кеңесшілеріне өзгерістер енгізу.

6.1.3. 04.12.2019 ж. №СБ-222 санды бұйрығымен бекітілген докторанттың диссертациялық тақырыбына өзгеріс енгізу.

6.2. «Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі» және «Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесі» жобалары толықтырулардан кейін келесі ҒК мәжілісіне қайта ұсынылсын.

6.3. Монографияларды Сенат мәжілісіне ұсыну бойынша келесі шешімдер қабылданын:

6.3.1. «Дене мәдениеті» кафедрасының PhD докторы Б.Ермахановтың «Kazakistan ve Türkiye'deki Üniversite Öğrencilerinin Herkes için Sporla ilgili Farkındalık Düzeyeri ile Yaşam Kalitesi Düzeyleri Arasındaki İlişki» монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

6.3.2. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. А.Сапарованың «Тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері» монографиясы ҒК мүшелері тарапынан берілген ескерту, ұсыныстар ескеріліп, келесі ҒК мәжілісіне қайта ұсынылсын.

Ескерту: ҒК-нің 2022 жылғы №7 мәжілісінің Күн тәртібінде қарау жоспарланған 2) Университеттің патенттік саясаты жайлы және 3) Өндірістік орындар, мекемелер және ғылыми-зерттеу орталықтарымен жасалған шаруашылық келісімдердің орындалу барысы бойынша мәлімет атты екі мәселе Коммерциализациялау офисінің басшысы лауазымының уақытша бос болуына байланысты келесі ҒК мәжілісіне қалдырылады.

Ғылым комитетінің төрағасы:

А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:

Ж.Ахметова